

2024 жылға арналған акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды, сондай-ақ асыл тұқымды балық өсіруді дамытуды субсидиялау көлемдерін бекіту туралы

Мерзімі біткен

Түркістан облысы әкімдігінің 2024 жылғы 9 сәуірдегі № 63 қаулысы. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 12 сәуірде № 6514-13 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 27-бабына, "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 10-бабы 2-тармағының 5-14) тармақшасына және "Акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды, сондай-ақ асыл тұқымды балық өсіруді дамытуды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2022 жылғы 24 мамырдағы № 180 бұйрығына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28188 болып тіркелген), Түркістан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2024 жылға арналған акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды, сондай-ақ асыл тұқымды балық өсіруді дамытуды субсидиялау көлемдері осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Түркістан облысы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Түркістан облысының әкімі

Д. Сатыбалды

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Экология және табиғи
ресурстар министрлігі

Түркістан облысы әкімдігінің
2024 жылғы 9 сәуірдегі
№ 63 қаулысына қосымша

2024 жылға арналған акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды, сондай-ақ асыл тұқымды балық өсіруді дамыту үшін субсидиялау көлемдері

--	--	--	--	--	--

№	Субсидиялау түрлері	Өлшем бірлігі	Субсидияланатын көлем	Субсидиялардың бекітілген шекті сомасы, теңге	Субсидиялар сомасы, теңге
1.	Балық азықтарын сатып алу шығыстарын өтеу субсидиялары				
1.1	Албырт тұқымдас балықтар және олардың будандары	килограмм	24 744,1	270	6 680 906,0
1.2	Тұқы тұқымдас балықтар және олардың будандары		4 083 141,9	105 (отандық өндірістің азығы үшін)	428 730 005,0
1.3	Жайын тұқымдас балықтар және олардың будандары		240 589,8	210	50 523 871,0
2.	Балық өсіру материалын сатып алу шығыстарын өтеу субсидиялары				
2.1	Тұқы тұқымдас балықтар және олардың будандарының шабағы (30 грамға дейін)	дана	865 300,3	15	12 979 505,0
3.	Балық өсіру-биологиялық негіздемесін сатып алу шығыстарын субсидиялау	дана	5	500 000	1 085 713,0
Барлығы:					500 000 000,0